**Жаңатілек ауылдық округінің Жаңатілек ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 қаңтарда № 4262 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округі әкімінің 24.04.2015 N 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Жаңатілек ауылдық округінің Жаңатілек ауылында ауыл шаруашылық малдардың құтырма ауруының ошағы анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Баянауыл аудандық аумақтық инспекциясының басшысы, ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы (келісім бойынша) осы шешімге сәйкес, шара қолдансын.

3. Жаңатілек ауылдық округінің ветеринариялық пунктің меңгерушісі ( келісім бойынша) сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімі* *Ж. Мұсабаев*

*КЕЛІСІЛДІ*
*Қазақстан Республикасы*
*ауыл шаруашылық*
*Министрлігі ветеринариялық*
*бақылау және қадағалау*
*комитетінің Баянауыл*
*аудандық аумақтық*
*инспекциясының басшысы,*

*ауданың бас мемлекеттік*
*ветеринариялық-санитарлық инспекторы* *Р. Нұрғалиев*
*"26" желтоқсан 2014 жылғы*
*"Қазақстан Республикасы*
*Тұтынушылардың құқықтарын*
*қорғау агенттігінің*
*Павлодар облысы тұтынушылардың*
*құқықтарын қорғау*
*департаментінің Баянауыл*
*аудандық тұтынушылардың*
*құқықтарын қорғау басқармасы"*
*республикалық мемлекеттік*
*мекемесі басшысы* *Т. Н. Ишанова*
*"26" желтоқсан 2014 жылғы*
*"Баянауыл ауданының*
*ветеринария бөлімі" мемлекеттік*
*мекемесінің басшысы* *Н. Т. Дәулетов*
*"26" желтоқсан 2014 жылғы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК